

Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан-Жапония комитетін құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 19 тамыз N 714. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 18.01.1995 ж. N 62 қаулысымен.

Қазақстан-Жапония экономикалық ынтымақтастығын жандандыру, өзара тиімді сауданы дамыту, инвестициялар мен кредиттерді қатыстыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан-Жапония комитеті құрылып, оған Жапониямен экономикалық ынтымақтастықты дамыту жөніндегі Республика министрліктері мен ведомстволарының, мемлекеттік кәсіпорындардың, жеке бизнестің, қоғамдық ұйымдар мен қауымдастықтардың күш-жігерін үйлестіру қызметі жүктелсін.

2. Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан-Жапония

комитетінің жеке құрамы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан-Жапония комитеті хатшылығының қызметін атқару Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 19 тамыздағы
N 714 қаулысына
Қосымша

Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі

Қазақстан-Жапония комитетінің

Құрамы

Үркімбаев М.Ф. - Қазақстан Республикасының Экономика министрі
(төраға)

Айманов Ә.К. - Қазақстан Республикасы Сыртқы экономикалық байланыстар министрінің орынбасары (төрағаның орынбасары)

Арыстанов А.К. - Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы шетелдік инвестициялар жөніндегі Ұлттық агенттік басқармасының бастығы (хатшы)

Ескерту. Қосымшаға ішінара өзгертулер енгізілді - ҚРМК-нің 5.04.1994 ж. N 327 қаулысымен.

Комитет мүшелері:

Байсейітов Б.Р. - Қазақстан кәсіпкерлері Конгресінің президенті

Бейсенов О.М. - Қазақ акционерлік "Тұранбанк" банкі басқармасының төрағасы

Бектемісов А.И. - Шығыс Қазақстан облысының әкімі

Дәукенов Д.К. - Қазақстан Республикасы Ғылым және жаңа технологиялар министрінің орынбасары

Жандосов О.Ә. - Қазақстан Республикасы Экономика министрінің бірінші орынбасары, Қазақстан Республикасы Экономика министрлігі жанындағы шетелдік инвестициялар жөніндегі Ұлттық агенттігінің төрағасы

Жомартов А.Ш. - "Жеңілинвест" акционерлік инвестициялық компаниясының президенті

Дүйсебаев Б.Д. - Сыртқы істер министрлігінің халықаралық қатынастар басқармасының бастығы

Дүйсенов Д.Т. - Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп министрінің орынбасары

Есенғарин Н.Қ. - Қазақстан Республикасының Көлік министрі

Кәкімжанов З.Х. - "Кинко" инвестициялық компаниясының президенті

Қиынов Л.К. - "Маңғыстаумұнайгаз" өндірістік бірлестігінің бас директоры

Милованов В.Д. - "КЭМПО" корпорациясының президенті

Мұхамеджанов Б.Ғ. - Шағын кәсіпорындар одағының президенті

Нәбиев Ж.Ж. - "Қазақстан коммерция" сыртқы экономикалық қауымдастығының президенті

Түкенов Ә.Ә. - Президент пен Министрлер Кабинеті Аппаратының Сыртқы байланыстар бөлімі меңгерушісінің бірінші орынбасары

Үркімбаев М.Ф. - Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі

Шарафутдинов Р.Я. - Қарағанды металлургия комбинатының бас
директоры

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК